

«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның
2024 жылғы 16 қыркүйектегі
Аудиторлық ұйымды таңдау
жөніндегі комиссияның № 3
шешіміне №1 қосымша

АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДЫ ТАҢДАУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСУҒА СҰРАУ САЛУ

(бұдан әрі – Таңдау рәсіміне қатысуға сұрау салу)

«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) және оның еншілес ұйымдары: «Тау-Кен Алтын» ЖШС, «Қазгеология» АҚ, «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ, «Алайғыр» БК» ЖШС (бұдан әрі – ЕҰ) бірлесіп «Тапсырыс берушілер» деп аталатындар толық сипаттамасы төменде келтірілген 2025-2029 жылдарға және 2025, 2026, 2027, 2028, 2029 жылдардың бірінші жартыжылдығында аудиторлық қызмет көрсету үшін аудиторлық ұйымды таңдау рәсіміне қатысуға шақырады:

1. Тапсырыс берушілердің атаулары мен мекенжайлары

«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ:

- заңды мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Сығанақ ккшесі, 17/10 үй;

- нақты (пошталық) мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Сығанақ көшесі, 17/10 үй;

«Тау-Кен Алтын» ЖШС:

- заңды мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Индустриалды парк, А194 көшесі, 1-үй;

- нақты (пошталық) мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Индустриялық парк, А194 көшесі, 1 -үй;

«Қазгеология» АҚ

- заңды мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 18-ғимарат,

- нақты (пошталық) мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Сығанақ көшесі, 17/10 үй;

«ШалқияЦинк ЛТД» АҚ:

- заңды мекенжайы: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Шалқия кенті, Мұстафа Шоқай көшесі, 32-үй;

- нақты (пошталық) мекенжайы: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Шалқия кенті, Мұстафа Шоқай көшесі, 32-үй;

«Алайғыр» БК» ЖШС

- заңды мекенжайы: 100028, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Степной 2 шағын ауданы, 6/1 құрылыс

- нақты (пошталық) мекенжайы: 100028, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Степной 2 шағын ауданы, 6/1 құрылыс.

2. 2025-2027 жылдарға және 2025, 2026, 2027, 2028, 2029 жылдардың бірінші жартыжылдығына сатып алынатын аудиторлық және ілеспе қызметтер көлемінің сипаттамасы (есепті кезеңдер, аудиторлық рәсімдердің көлемі мен сипаты)

2.1 Қоғам үшін:

2.1.1 халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес дайындалған, Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі – ХАС) сәйкес жүргізілген Қоғамның 2025-2029 жылдарға арналған шоғырландырылған және жекелеген жылдық қаржылық есептілігінің аудиті. Аудиторлық есеп аудит нәтижелеріне негізделуге және ҚР заңнамасына сәйкес лицензиялық-келісімшарттық шарттар бойынша ашуды қоса алғанда, ХҚЕС-ке сәйкес Қоғамның жоғарыда көрсетілген шоғырландырылған және жекелеген жылдық қаржылық есептілігі дайындалғаны туралы пікірді қамтуы тиіс;

2.1.2 2025, 2026, 2027, 2028 және 2029 жылдардың 2-тоқсанындағы жиынтық табыс туралы есептің деректерін қоса алғанда, 2025, 2026, 2027, 2028, 2029 жылдардың бірінші жартыжылдығындағы «Аралық қаржылық есептілік» 34 ХБЕС-ке сәйкес қысқартылған шоғырландырылған және жекелеген қаржылық есептілікке шолу;

2.1.3 «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) бекіткен нысандар бойынша 2025-2029 жылдарға арналған шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік аудиті;

2.1.4 2025, 2026, 2027, 2028 және 2029 жылдардың 2-тоқсанындағы жиынтық табыс туралы есептің деректерін қоса алғанда, Қор бекіткен нысандар бойынша 2025, 2026, 2027, 2028, 2029 жылдардың бірінші жартыжылдығындағы шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудиторлық шолу;

2.1.5 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялық-келісімшарттық шарттар бойынша ашуды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік актісімен - ҚР Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығымен бекітілген тізбеге, нысандарға сәйкес 2025-2029 жылдарға арналған жеке және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептіліктің аудиті.

2.2 ЕҰ үшін:

2.2.1 ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған 2025-2029 жылдарға дейінгі жылдық қаржылық есептіліктің ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудиті. Аудиторлық есеп аудит нәтижелеріне негізделуі және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялық-келісімшарттық шарттар бойынша ашуды қоса алғанда, ХҚЕС сәйкес ЕҰ-ның жоғарыда көрсетілген жылдық қаржылық есептілігі ұсынылғаны туралы пікірді қамтуы тиіс;

2.2.2 Қор бекіткен нысандар бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жылдық қаржылық есептілік аудиті;

2.2.3 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялық-келісімшарттық шарттар бойынша ашуды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік актісімен - ҚР Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығымен бекітілген

тізбеге, нысандарға сәйкес ЕҰ-ның 2025-2029 жылдарға арналған жылдық қаржылық есептіліктің аудиті.

2.3 2025, 2026, 2027, 2028, 2029 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылдарға арналған жылдық қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша сыртқы аудитор ішкі бақылау, бухгалтерлік есеп, салықтық есеп жүйесіндегі кемшіліктерді, аудит процесінде анықталған қаржылық есептілікті дайындау процесін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, басшылыққа хат, сондай-ақ аудитордың оларды жою жөніндегі ұсынымдарын дайындауы тиіс.

Басшылыққа хат ілеспе қызметтер тізбесіне енгізілген мәселелерді талдау/бағалау нәтижелерін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, олар болған жағдайда осы мәселелер бойынша тиісті ұсынымдар бере отырып дайындалуы тиіс.

Ұсынымдар хатында басшылыққа келесіні көрсету қажет: егер бар болса, ішкі бақылау жүйесіндегі елеулі кемшіліктер. Елеулі кемшілік деп ішкі бақылау жүйесінің бір немесе бірнеше компоненттерінің әзірленуі немесе жұмыс істеуі аудиттелетін жеке/шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты елеулі болуы мүмкін және бұл процесте қызметкерлер уақтылы анықтамайтын сомалардың бұрмалануынан немесе бұрмалануынан туындауы мүмкін тәуекелді салыстырмалы түрде төмен деңгейге дейін төмендетпейтін кемшілік түсініледі ол белгілеген міндеттерді әдеттегідей жүзеге асыру, сондай-ақ барлық басқа кемшіліктер мен ұсыныстарды көрсету.

2.4 Құны қызметтердің жалпы құнына енгізілген ілеспе қызметтерді көрсету. Ілеспе қызметтер тізбесі келесіні қамтиды:

- ұсыну
- басқа заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін (кәсіпорындарын), акцияларын (қатысу үлестерін) сатып алудың әділ құнын бағалау әдіснамасы мен нәтижелерін бағалау (сатып алу орын алған жағдайда);
- бағдарламалық-техникалық жарактандырудың жай-күйін және ақпаратты өңдеудің автоматтандырылған жүйелерінің сенімділігін бағалау;
- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде анықталған ұрлық жағдайлары мен қателіктерін бағалау (алаяқтық);
- тапсырыс берушілер қызметінің Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін бағалау;
- тапсырыс берушілердің қаржылық есептілігіне ескертулерде ашуды жетілдіру бойынша ұсыныстар беру;
- 2025-2029 жылдар кезеңінде салық есебін ұсынбай, әрбір қаржы жылы бойынша жыл сайынғы салық шолуын жүргізу. Салықтық шолуды жүргізу бухгалтерлік және салықтық рәсімдерді (әсіресе салық тәуекелдерінің туындау мүмкіндігі аса маңызды болатын мәселелерді) қозғауы тиіс;
- аудит барысында консультациялар бойынша есептерді ұсынбай бухгалтерлік және салықтық есепке алу бойынша консультациялар өткізу;
- қаржылық есептілікті жасауға байланысты мәселелер бойынша тапсырыс берушілердің ішкі бақылау жүйесінің барабарлығын бағалау;
- бухгалтерлік есепті жүргізуге және қаржылық есептілікті жасауға байланысты мәселелер бойынша ішкі бақылауды ұйымдастыруды бағалау;

- бухгалтерлік есепті жүргізуге және қаржылық есептілікті жасауға қатысты ішкі бақылау жүйесін бағалауға байланысты мәселелер бойынша Тапсырыс берушілердің ішкі аудит қызметінің қызметін бағалау;

- Тапсырыс берушілердің Корпоративтік есеп саясатын ХҚЕС-тегі бухгалтерлік есеп пен есептіліктің қолданылатын әдістері мен қағидаттарына сәйкестігін бағалау;

- қарыз қаражатын пайдалану тиімділігін бағалау

- Жалғыз акционердің қаражатын пайдалану тиімділігін бағалау.

- 2025-2029 жылдардағы аудит нәтижелерін басшылыққа және олардың талабы бойынша Тапсырыс берушілердің Директорлар кеңесіне/Аудит комитетіне презентациялау;

- тапсырыс берушілердің қызметкерлері үшін ХҚЕС бойынша жыл сайынғы тренингтерді ұйымдастыру және өткізу.

- Компанияның Қордың тобына кіруіне байланысты сыртқы аудитор оның шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде Қордың сыртқы аудиторына жәрдем көрсетуі, оның ішінде қаржылық есептілікті жасау туралы серіктестің тәуелсіз пікірімен аудиторлық рәсімдердің нәтижелеріне негізделген жұмыс құжаттарына, қорытындыларға қол жеткізуді ұсынуы тиіс. Бұл ретте Өнім берушінің ықтимал шығындары шарттың жалпы бағасына енгізіледі. Егер аудитор Топтың қаржылық есептілігіне аудитті қатарынан 5 (бес) жыл ішінде жүзеге асырған жағдайда, Жоба жетекшісі – Серіктесті міндетті түрде ауыстыру көзделуі тиіс.

3. Тиісті аудиторлық есептерді шығарудың күтілетін мерзімдерін және олардың санын көрсете отырып, аудит немесе сыртқы аудитордың шолуы үшін мәлімделген аудитті дайындау немесе есептілікті шолу кестесінің жобасын қоса алғанда, қызметтерді көрсету мерзімдері төменде көрсетілген.

3.1 Қоғам үшін:

1) ХҚЕС сәйкес 2025 жылға – 2026 жылғы 28 ақпанға дейін; 2026 жылға – 2027 жылғы 28 ақпанға дейін; 2027 жылға – 2028 жылғы 28 ақпанға дейін, 2028 жылға – 2029 жылғы 28 ақпанға дейін, 2029 жылға – 2030 жылғы 28 ақпанға дейін орыс тілінде 2 (екі) дана, ағылшын тілінде 1 (бір) дана және мемлекеттік тілде 1 (бір) дана көлемінде дайындалған шоғырландырылған және жекелеген жылдық қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша аудиторлық есепті ұсыну;

2) «Аралық қаржылық есептілікке» 34 ХБЕС-ке сәйкес 2025 жылғы бірінші жартыжылдықта – 2025 жылғы 7 тамызға дейін, 2026 жылғы бірінші жартыжылдықта – 2026 жылғы 7 тамызға дейін, 2027 жылғы бірінші жартыжылдықта – 2027 жылғы 7 тамызға дейін, 2028 жылғы бірінші жартыжылдықта – 2028 жылғы 7 тамызға дейін, 2029 жылғы бірінші жартыжылдықта – 2029 жылғы 7 тамызға дейін орыс тілінде 2 (екі) данада, ағылшын тілінде 1 (бір) данада және мемлекеттік тілде 1 (бір) данада дайындалған қысқартылған шоғырландырылған және жекелеген қаржылық есептілікті шолу нәтижелері бойынша есепті ұсыну.

3) Қор 2025 жылға - 2026 жылғы 27 ақпанға дейін; 2026 жылға – 2027 жылғы 27 ақпанға дейін; 2027 жылға – 2028 жылғы 27 ақпанға дейін, 2028 жылға – 2029 жылғы 27 ақпанға дейін, 2029 жылға – 2030 жылғы 30 ақпанға дейін бекіткен нысандар бойынша орыс тілінде 1 (бір) данада дайындалған шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша аудиторлық есеп;

4) Қор 2025 жылғы 1 жартыжылдықта – 2025 жылғы 4 тамызға дейін, 2026 жылғы бірінші жартыжылдықта – 2026 жылғы 4 тамызға дейін, 2027 жылғы бірінші жартыжылдықта – 2027 жылғы 4 тамызға дейін, 2028 жылғы бірінші жартыжылдықта – 2028 жылғы 4 тамызға дейін, 2029 жылғы бірінші жартыжылдықта – 2029 жылғы 4 тамызға дейін бекіткен нысандар бойынша орыс тілінде 1 (бір) данада дайындалған шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты шолу нәтижелері бойынша есеп;

5) ҚР уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік актісімен – ҚР Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен бекітілген тізбеге, нысандарға сәйкес 2025 жыл үшін - 2026 жылғы 15 наурызға дейін; 2026 жылы – 2027 жылғы 15 наурызға дейін, 2027 жыл үшін - 2028 жылғы 15 наурызға дейін, 2028 жыл үшін - 2029 жылғы 15 наурызға дейін, 2029 жыл үшін - 2030 жылғы 15 наурызға дейін орыс тілінде 1 (бір) данада дайындалған жеке және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша аудиторлық есеп;

6) Компания басшылығына 2025 жылғы хат – 2026 жылғы 10 наурызға дейін; 2026 жылғы – 2027 жылғы 10 наурызға дейін; 2027 жылғы – 2028 жылғы 10 наурызға дейін, 2028 жылғы – 2029 жылғы 10 наурызға дейін, 2029 жылғы – 2030 жылғы 10 наурызға дейін орыс тілінде 1 (бір) данада және ағылшын тілінде 1 (бір) данада.

3.2 ЕҰ үшін:

1) ХҚЕС сәйкес 2025 жылға – 2026 жылғы 10 ақпанға дейін; 2026 жылға – 2027 жылғы 10 ақпанға дейін; 2027 жылға – 2028 жылғы 10 ақпанға дейін, 2028 жылға – 2029 жылғы 10 ақпанға дейін, 2029 жылға – 2030 жылғы 10 ақпанға дейін орыс тілінде 2 (екі) дана, ағылшын тілінде 1 (бір) дана және мемлекеттік тілде 1 (бір) дана көлемінде дайындалған шоғырландырылған және жекелеген жылдық қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша аудиторлық есепті ұсыну;

3) Қор 2025 жылға - 2026 жылғы 10 ақпанға дейін; 2026 жылға – 2027 жылғы 10 ақпанға дейін; 2027 жылға – 2028 жылғы 10 ақпанға дейін, 2028 жылға – 2029 жылғы 10 ақпанға дейін, 2029 жылға – 2030 жылғы 10 ақпанға дейін бекіткен нысандар бойынша орыс тілінде 1 (бір) данада дайындалған жылдық қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша аудиторлық есеп;

3) ҚР уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік актісімен – ҚР Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен бекітілген тізбеге, нысандарға сәйкес 2025 жыл үшін - 2026 жылғы 20 ақпанға дейін; 2026 жылы – 2027 жылғы 20 ақпанға дейін, 2027 жыл үшін - 2028 жылғы 20 ақпанға дейін, 2028 жыл үшін - 2029 жылғы 20 ақпанға дейін, 2029 жыл үшін - 2030 жылғы 20 ақпанға дейін орыс тілінде 1 (бір) данада дайындалған ЕҰ-ның жылдық қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша аудиторлық есеп;

4) ЕҰ басшылығына 2025 жылғы хат – 2026 жылғы 1 наурызға дейін; 2026 жылғы – 2027 жылғы 1 наурызға дейін; 2027 жылғы – 2028 жылғы 1 наурызға дейін, 2028 жылғы – 2029 жылғы 1 наурызға дейін, 2029 жылғы – 2030 жылғы 1 наурызға дейін орыс тілінде 1 (бір) данада және ағылшын тілінде 1 (бір) данада.

Бұл ретте 3.2-тармақтың 1-4) тармақшасына сәйкес «Қазгеология» АҚ үшін жылдық қаржылық есептілік аудиті және басшылыққа 2026, 2027, 2028 және 2029 жылдарға арналған хат үшін мерзімдер қолданылады.

4. Қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сома ҚҚС-сыз млн теңгемен

Тапсырыс беруші	2025	2026	2027	2028	2029	ҚҚС есебінсіз жиыны, теңге
«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ	38,628	41,294	44,127	46,333	48,650	219,032
«Тау-Кен Алтын» ЖШС:	18,976	20,095	21,377	22,446	23,568	106,462
«Қазгеология» АҚ	-	24,295	25,927	27,223	28,585	106,030
«ШалқияЦинк Лтд» АҚ	22,497	24,451	26,537	27,864	29,257	130,605
«Алайғыр» БК» ЖШС	13,705	14,697	15,760	16,548	17,375	78,085
Жиыны:	93,805	124,832	133,728	140,414	147,435	640,214

5. Қызмет көрсетуге ресми конкурстық ұсыныс дайындау үшін ақпарат алу мақсатында Қатысушылардың кездесуге құқығы бар Тапсырыс берушілерді сатып алуды ұйымдастырушының байланыстары:

1) Бас бухгалтер – Альпищева Айдана Жасұланқызы, тел. 8 (7172) 55-95-54 e-mail: a.alpichsheva@tk.kz;

2) Сатып алу жөніндегі жетекші менеджер - Карменова Лэйла, тел. 8 (7172) 55-95-77, e-mail: l.karmenova@tk.kz.

6. Аудиторлық қызмет көрсету үшін аудиторлық ұйымды таңдау рәсімі жүзеге асырылатын Тапсырыс берушілер туралы қосымша мәліметтер

Аудиторлық қызмет көрсету үшін аудиторлық ұйымды таңдау рәсімі жүзеге асырылатын Тапсырыс берушілер туралы қосымша мәліметтерді қатысушылардың уәкілетті өкілдері құпиялылық туралы келісімге қол қойғаннан кейін 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Сығанақ көшесі, 17/10 үй, 7-қабат мекенжайы бойынша электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіштерде ала алады.

7. Қызмет көрсетуге арналған ресми конкурстық ұсынысқа қойылатын талаптар

Міндетті түрде қамтамасыз ету қажет:

- Таңдау рәсіміне қатысуға сұрау салуға № 1 қосымшаға сәйкес Қор тобының консультациялық қызметтерін тарту кезінде Мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі корпоративтік стандартқа сәйкес мүдделер қақтығысы туралы мәліметтер;

- Таңдау рәсіміне қатысуға сұрау салуға № 2 қосымшаға сәйкес Қатысушыларға және аудит тобының құрамына қойылатын талаптардың сәйкестігін растау;

- қызмет көрсетуге арналған ресми конкурстық ұсыныстың тиісті бөлімдері мен беттеріне сілтемелерді көрсете отырып, Таңдау рәсіміне қатысуға сұрау салуға № 3 қосымшаға сәйкес Қатысушыларға және аудит тобының құрамына қойылатын талаптарға сәйкестік кестесі.

Ресми конкурстық ұсынысқа қатысушының қалауы бойынша өзге де пайдалы ақпаратты енгізуге болады.

Қызметтерді көрсетуге арналған ресми конкурстық ұсыныс, сондай-ақ ондағы барлық құжаттар мен мәліметтер әлеуетті өнім берушінің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

Бұл ретте қызметтерді көрсетуге арналған ресми конкурстық ұсыныста басқа тілде жасалған құжаттар болуы мүмкін, егер оларға Қатысушының таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аударма қоса берілсе және бұл жағдайда аударма артықшылыққа ие болса.

Егер аудиторлық ұйым Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің тізбесінде және (немесе) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрса, таңдау рәсіміне қатысуға құқылы емес.

Қатысушылардың ресми конкурстық ұсыныстары желімделген конвертке салынуы және 2024 жылғы «19» қыркүйегінен **2024 жылғы «18» қазанына дейінгі мерзімде жұмыс күндері 8:30-дан 18:00-ге** дейін 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Сығанақ көшесі, 17/10 үй, 7-қабат мекенжайы бойынша құжаттарды қабылдау-тапсыру актісі бойынша ұйымдастырушыға берілуі тиіс.

Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтер

Осымен Өнім беруші өзінің қолтаңбасын қоя отырып:

Өнім берушінің мүдделері мен Тапсырыс берушінің, Тапсырыс берушінің жұмыскерлері мен Өнім берушінің жұмыскерлері, бір Өнім берушінің және басқа Өнім берушінің жұмыскерлерінің, Тапсырыс берушінің және Тапсырыс берушінің жұмыскерлерімен қарым-қатынаста тұрған адамдардың мүдделері арасындағы, Қазақстан Республикасының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе мемлекеттік органдарының мүдделері мен Өнім берушінің мүдделері арасындағы мүдделер қақтығысына әкеп соғатын жағдайлардың болмауы туралы;

ықтимал мүдделер қақтығысына қатысты мыналардың:

бір Жобаның аясында Жобадағы Өнім беруші мен үшінші тұлға арасындағы, сондай-ақ Тапсырыс беруші мен сол Өнім беруші арасындағы шарттық құқықтық қатынастардың бір мезгілде қолданыста;

бұрын немесе осы ретте басқа жобалар бойынша сол Өнім беруші мен Тапсырыс беруші арасында шарттық қатынастар болған кезде Жобада Өнім беруші мен үшінші тұлға арасындағы қолданыстағы шарттық құқықтық қатынастардың;

Қазақстан Республикасының және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүдделері жобадағы үшінші тұлғаның не өнім берушінің мүдделерімен сәйкес келмеген не сәйкес келмейтін жобада сол Өнім беруші мен үшінші тұлға арасында өткен немесе осы шарттық қатынастар болған кезде Тапсырыс берушінің Өнім берушісі, Тапсырыс беруші мен Қазақстан Республикасы және (немесе) Үкімет арасында Қазақстан Республикасының және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қатысуымен Жоба аясында қолданыстағы шарттық құқықтық қатынастардың болуы;

Өнім берушінің жобада үшінші тұлғамен қаржылық мүдделерінің болуы, онымен Өнім беруші іскерлік қатынастарды қолдауға немесе Тапсырыс берушінің мүдделеріне нұқсан келтіре отырып, осындай тұлғаның Өнім берушіге іскерлік мүмкіндіктер беруіне мүдделі;

Жобада басшы, серіктес, қызметкер немесе оның органдарына қатысу арқылы үшінші тұлғада қоса атқару бойынша Өнім беруші басшысының, серіктесінің және кез келген өзге де жұмыскерінің жұмысы;

параллель мүдделер қақтығысын тудыратын немесе тудыруы мүмкін Өнім берушінің өкілдіктерінің (егер Өнім берушінің ағымдағы клиентінің өкілдігі Тапсырыс берушінің мүдделеріне сәйкес келмесе, параллель жанжал туындауы мүмкін; немесе бір немесе одан да көп ағымдағы Өнім беруші клиенттерінің өкілдігі Өнім берушінің Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелерін бұзу қаупі бар болса);

Тапсырыс берушінің/Өнім берушінің жұмыскерімен байланысты кез келген мүдделі тұлғалар Тапсырыс берушінің жұмыскері жеке өзі қабылдауы тиіс немесе Тапсырыс берушінің жұмыскері қабылдауға қатысуы тиіс шешімге не Тапсырыс берушінің жұмыскері Жоба аясында өзінің еңбек міндеттерін орындау кезінде орындауы тиіс іс-әрекетке қатысуы тиіс.

Тапсырыс беруші жұмыскерлерінің Өнім берушімен еңбек және өзге де қатынастарын, сондай-ақ Жоба бойынша Өнім берушіден мүліктік пайда, игілік не артықшылық алу фактісінің немесе оны алу ниетінің;

Тапсырыс берушінің жұмыскерлерімен байланысты тұлғалардың Өнім берушімен қарым-қатынасы, сондай-ақ Өнім берушінің мүліктік пайдасын, игілігін не артықшылығын алу фактісінің немесе алу ниетінің;

Өнім берушіге белгілі басқа жанжалды жағдайлар.

Ескертпе: жанжалға әкеп соғатын жағдайлардың болмауы туралы қосымша ақпаратты ашу (қажет болған жағдайда)*

осы нысанға қол қоюшының Өнім берушінің атынан осы нысанға қол қоюға өкілеттігі бар екенін, сол арқылы өзіне міндеттемелерді қабылдауды және консультациялық қызметтерді сатып алу шартының (бұдан әрі - Шарт) жобасында, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, бөлігінде қамтитын шарттармен келісуді білдіре отырып:

мүдделер қақтығысының болмауы туралы жалған мәліметтерді қасақана немесе байқаусызда бергені үшін Өнім берушінің жауапкершілігі;

Өнім берушінің мүдделер қақтығысы мәселелеріне қатысы бар кез келген оқиғалар және (немесе) фактілер туралы Тапсырыс берушінің басшылығына дереу хабарлау міндеттемелері;

Шартта құпиялылық режимін сақтаудың неғұрлым ұзақ мерзімі белгіленген жағдайларды қоспағанда (Жобаның ерекшелігін және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды ескере отырып), Өнім берушінің Жобаның нысанасына байланысты не одан туындайтын мәселелер бойынша Тапсырыс берушіге қарсы үшінші тұлғалардың мүдделерін ұсынуына кемінде 5 (бес) жыл мерзімге тыйым салуды;

кез келген негіздер бойынша, оның ішінде Өнім беруші қызметінің ауқымына не оның іскерлік беделіне қарамастан, мүдделер қақтығысы болған кезде Өнім берушінің жауапкершіліктен жалтаруына тыйым салу;

Тапсырыс берушімен, Қордың тобына кіретін ұйымдармен, Қазақстан Республикасымен, Қазақстан Республикасының Үкіметімен мүдделер қақтығысының болмау фактісін Өнім берушінің сөзсіз растауы;

мүдделер қақтығысы нәтижесінде келтірілген залал (нақты залал да, жоғалған пайда да) үшін Өнім берушінің Тапсырыс беруші алдындағы толық материалдық жауапкершілігі;

өнім берушінің тапсырыс берушіден алынған барлық ақпараттың құпиялылық режимін қатаң сақтау, шарт тоқтатылған немесе бұзылған жағдайда алынған ақпаратты/мәліметтерді қайтаруды және (немесе) жоюды қамтамасыз ету міндеттемелері (мұндай міндеттеме құпиялылық туралы жеке шартта/келісімде көзделуі мүмкін);

егер Өнім берушінің өкілдігі мүдделердің параллель қақтығысын тудырса немесе тудыруы мүмкін болса, Тапсырыс берушінің мүдделерін білдіруге тыйым салуы;

Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерге қатысты дұрыс емес ақпарат бергені үшін, мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы Өнім берушінің кепілдіктері мен

куәліктерін бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбы түріндегі (Шарттың бағасын ескере отырып) Өнім берушінің жауапкершілігі;

Қордың консультациялық қызметтерін (бұдан әрі – Саясат) тарту кезінде мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі саясатта көзделген ережелерді ескере отырып, Тапсырыс берушіге айыппұл санкцияларын қолданбай және Тапсырыс берушіні кез келген жауапкершіліктен не шартты мерзімінен бұрын бұзудан туындайтын залалдан босатып және (немесе) қоршай отырып, мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда, Тапсырыс берушінің Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқығы;

Тапсырыс берушінің Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тарту және Өнім беруші осы нысанда қамтылған Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерге қатысты дұрыс емес ақпарат ұсынған жағдайда залалдарды өтеуді талап ету құқығы;

Өнім беруші консультациялық қызметтер көрсету процесінде мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда, Бірыңғай базада көзделген барлық деректерді аша отырып, Өнім берушілер туралы мәліметтерді қамтитын Қор тобының Бірыңғай базасына (бұдан әрі - Бірыңғай база) енгізуге Өнім берушінің келісімі;

Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген көздерден, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарынан және т. б. Өнім берушілер туралы ақпаратты қадағалау және жинау құқығының;

Өнім беруші туралы тиісті мәліметтерді алу және (немесе) Өнім берушінің өз міндеттемелерін, бизнесті жүргізудің мінез-құлқы мен әдеп нормалары мен қағидаларын, саясаттың ережелері мен талаптарын бұзғаны туралы Кәсіптік бірлестікті хабардар ету мақсатында өнім беруші мүше болып табылатын мемлекеттік органдарға, кәсіптік бірлестіктерге саясатқа сәйкес Тапсырыс берушінің жазбаша өтінішіне өнім берушінің келісімінің; Өнім беруші бас тартқан жағдайда оның бас тартуы заңды түрде дәлелденуі тиіс. Дәлелсіз бас тарту жағдайында Тапсырыс беруші мүдделер қақтығысының болуына күдік болған кезде мұндай бас тартуды Өнім берушінің мүдделер қақтығысының бар екендігі туралы растауы деп санауға құқылы;

консультациялық қызметтер көрсетуге тартылған Өнім берушінің және оның жұмыскерлерінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және пайдалануға Өнім берушінің немесе оның заңды өкілінің келісімінің;

Өнім берушіні мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда (осы нысанда 1-10 тармақтан тұратын жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша тармақтарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) Бірыңғай дерекқордың талаптарында көзделген барлық деректерді аша отырып Тапсырыс берушінің мүдделер қақтығысы бойынша Деректердің бірыңғай қорына қосуға келісімінің болмауын растайды.

Қатысушыларға және аудит тобының құрамына қойылатын талаптар

1. Аудиторлық қызметті жүзеге асыру лицензиясының болуы;
 2. Өткізілген сапаны сыртқы бақылау нәтижелері бойынша аудиторлық ұйымның халықаралық аудит стандарттары мен Әдеп кодексінің талаптарын сақтауын растайтын аудиторлық ұйым мүшесі болып табылатын аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымның кәсіби Кеңесінің қорытындысының және (немесе) қорытындысының болуы;
 3. Есепті кезең ішінде өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі біліктілік талаптарына және (немесе) ақпаратқа сәйкес аудиторлық ұйымдардың уәкілетті органға есептілікті уақтылы ұсынбағаны немесе ұсынбағаны үшін салынатын бір әкімшілік жазаны қоспағанда «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 247-бабына сәйкес аудиторлық қызмет көрсету шартын жасасу күніне дейін соңғы 1 (бір) жыл ішінде аудиторлық қызмет туралы заңнаманы бұзғаны үшін салынатын әкімшілік жазалардың болмауы;
 4. Аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының болуы;
 5. Бір ұйымның, оның ішінде қаржы ұйымының аудиті 7 (жеті) жыл бойы үздіксіз жүзеге асырылған жағдайда ротациялауға жатады;
 6. Аудиторлық ұйым басшысының аудиторлық қызметпен айналысу мерзімі кемінде 10 (он) жыл;
 7. Соңғы 5 (бес) жыл ішінде аудиттелетін кемінде 10 (он) субъект бойынша халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкестігі бойынша аудиторлық есептердің болуы;
 8. Тапсырыс берушіге немесе оның тобына аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсетуден аудиторлық ұйымның ағымдағы кірістері туралы ақпаратты, сондай-ақ аудиторлық ұйымның барлық кірістерінен осы кірістердің үлесін қамтитын тиісті өтініш беру арқылы өз тәуелсіздігін растау;
- Бұдан басқа қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттың қолданылу кезеңінде Тапсырыс берушінің Аудиторы Аудитордың аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсетуден түсетін ағымдағы кірістері (жасалған шарттардан түсетін болашақ кірістері көрсетіле отырып) туралы жыл сайын ақпарат беруге тиіс:
- Тапсырыс беруші тобы үшін - Тапсырыс беруші тобының Аудит комитетіне және/немесе қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін Тапсырыс берушінің бірінші басшысының орынбасарына. Аудитор осы ақпаратты ұсынған күнге қатысатын немесе қатысатын Тапсырыс беруші тобының тендерлері туралы ақпарат жеке ұсынылады;
 - Қор тобы үшін - Қордың Аудит комитетіне және Қордың қаржылық есептілігі мәселелеріне жетекшілік ететін басқарушы директорға. Аудитор осы ақпаратты ұсынған күнге қатысатын немесе қатысатын Қор тобының тендерлері туралы ақпарат жеке беріледі.

Қор тобына кіретін компанияларды Аудитор айқындау үшін Тапсырыс берушімен қаржылық есептілік аудиті қызметтерін сатып алу туралы шарт шеңберінде алынуы тиіс Қор тобы компанияларының тізілімін пайдалану қажет.

9. Салалық тәжірибеге, оның ішінде Тапсырыс берушінің ауқымына ұқсас клиенттерге қызмет көрсетудің практикалық тәжірибесіне ие болу (осы саладағы негізгі клиенттердің тізбесін, Тапсырыс беруші өз қызметін жүзеге асыратын салаға қызмет көрсетуге аудиторлық ұйымның қатысу көлемі мен мүдделілігін ұсыну);

10. Егер қажет болса, Аудиторлардың ауысуын ұйымдастыру жоспарын, атап айтқанда, алдыңғы аудиторлық тексерулердің нәтижелерімен танысу рәсіміне қойылатын талаптарды және үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды ұсыну;

11. Ұсынылған баға ұсынысы, ұйым үшін ықтимал қызықты аудиторлық емес қызметтер шегінде көрсету үшін қолда бар тәжірибе мен ресурстарды сипаттау.

12. Аудиторлық ұйым басшысында аудитордың қазақстандық біліктілік куәлігінің болуы;

13. Аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымға мүшелігін растайтын құжаттың болуы;

14. Ұқсас клиенттерге аудит жүргізу тәжірибесін қоса алғанда, тау-кен өндіру саласындағы ұйымдардың аудит тәжірибесі кемінде 5 (бес) жыл болуы тиіс;

15. Қазақстандық «аудитор» біліктілік куәлігі бар кемінде 3 (үш) аудитордың болуы;

16. Аға менеджер (Senior Manager), бөлім/департамент директоры (Director), аудитте кемінде 5 (бес) жыл жұмыс тәжірибесі бар Серіктес (Partner), оның ішінде тау-кен өндіру саласында лауазымдары бар кемінде 3 адамнан тұратын ХҚЕС бойынша мамандандырылған техникалық қолдау тобының болуы туындайтын техникалық мәселелер бойынша сапалы және жедел қызметтер;

17. Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесінде және (немесе) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрмау;

18. Келесі тармақтар бойынша толық ақпарат беру:

1) Тапсырыс берушінің, оның ішінде жетекші серіктестер мен менеджерлердің аудит жобасы бойынша ұсынылатын команда құрамы;

2) тапсырманы орындаудағы олардың рөлдері мен міндеттері;

3) ұқсас клиенттердің аудит жүргізу тәжірибесін қоса алғанда, біліктілігі мен тиісті тәжірибесі;

4) жоба жетекшілерінің әрқайсысының жобаға бөлінетін жылына ең аз сағат көлемі;

5) аудиторлардың ауысуын жоспарлауға және жоба бойынша жұмыс істейтін персоналдың сабақтастығына қатысты міндеттемелер;

6) қызметкерлердің кәсіби дамуына қатысты міндеттемелер;

7) басқа ресурстар және ұсынылатын қызметтердің толық сипаттамасы;

8) тартылған жергілікті кеңселердің тізбесі және оларды қамту.

9) Тапсырыс берушінің ерекшеліктері мен талаптарына қатысты аудиттің әдіснамасы мен стратегиясы;

10) жұмысты үйлестіру және бақылау;

- 11) аудитті жүргізу мерзімдері;
- 12) Аудит комитеттің/Байқау кеңесінің басшылығымен және мүшелерімен жұмыс істеу тәсілі;
- 13) ішкі аудит қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау тәсілі (олар болған кезде);
- 14) салық мәселелерін қарау тәсілі;
- 15) есепке алу бойынша күрделі және стандартты емес техникалық мәселелерді шешу тәсілдері мен тәсілдері;
- 16) аудиттің нәтижелілігін үнемі жетілдіру және арттыру жөніндегі міндеттемелер;

19. Келесі тармақтар бойынша толық ақпарат беру:

- 1) қызмет көрсету сапасын қамтамасыз етуге және клиентпен қарым-қатынасты басқаруға жалпы көзқарас;
- 2) ықтимал қақтығыстар және оларды шешуге көзқарас (тікелей бәсекелестер үшін орындалатын жұмыстың сипаттамасын қоса алғанда);
- 3) серіктестерді ротациялау және жобалау командасы мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау міндеттемелері мен тәсілдері;
- 4) сапаны бақылау және клиенттің қанағаттанушылығын бағалау жүйесінің сипаттамасы.

20. Келесіне қамтитын қызметтердің құнын жеке құжат түрінде ұсынуы тиіс:

- 1) ұсынылатын аудиторлық қызметтер, міндетті және басқа да есептілік аудиті бойынша қызметтер бойынша адам-сағат және нақты мөлшерлемелер;
- 2) бірінші және кейінгі жылдардағы аудит құнын айқындау тетігі;
- 3) қызметтер құнын есептеу әдісі;
- 4) ұсынылатын шоттарды төлеу кестесі, сондай-ақ осы процестің икемділігі;

21. Қатысушының орындаушылар командасы келесі сапалық және сандық сипаттамаларға сәйкес келуі тиіс:

1) Certified Public Accountant (бұдан әрі – CPA) немесе The Association of Chartered Certified Accountants (бұдан әрі – ACCA) біліктілігі бар және ACCA-мен мүшелікті тану туралы келісімдері және «аудитор» біліктілік куәлігі бар аудит жөніндегі әріптес командасының құрамында болуы. Аудит жөніндегі әріптесте соңғы 10 (он) жылдың 5 (бес) жыл ішінде тау-кен өндіру саласындағы ұйымдарда аудит саласында жұмыс тәжірибесі болуы тиіс;

2) команда құрамында CPA немесе ACCA біліктілігі бар және ACCA-мен мүшелікті тану туралы келісімдері және соңғы 5 (бес) жылдың 2 (екі) жылы ішінде тау-кен саласы ұйымдарында аудит саласында жұмыс тәжірибесі бар кемінде 4 (төрт) маманның болуы;

3) команда құрамында Қазақстан Республикасы салық консультантының біліктілік куәлігі және «Қазақстан Республикасы салық консультанттары палатасы» қоғамдық бірлестігіне қолданыстағы мүшелігі және тиісті жұмыс тәжірибесінің кемінде 3 (үш) жыл болатын салық жөніндегі маманның болуы.

4) команданың құрамында IT саласында жалпыға бірдей танылған халықаралық біліктілігі және кемінде 3 (үш) жыл тиісті жұмыс тәжірибесі бар IT маманның болуы.

Мамандардың біліктілігін растау ретінде біліктілік куәліктерінің/сертификаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін ұсыну қажет.

Мамандардың жұмыс тәжірибесін растау ретінде қатысушының мөрімен расталған мамандардың түйіндемесін ұсыну қажет.

Қатысушыда тиісті маманның болуы Қатысушының мәлімделген маманды жұмысқа қабылдау туралы актісімен расталады. Жұмысқа қабылдау туралы акті болмаған жағдайда Қатысушы маманның жеке басын куәландыратын құжаттың және оны Таңдау рәсіміне қатысуға сұрау салуға № 4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша маман ретінде тартуға қол қойылған келісімнің электрондық көшірмелерін ұсынады.

Таңдау рәсіміне қатысуға сұрау салуға № 3 қосымша

№	Қатысушыға қойылатын талаптар	Ресми конкурстық ұсыныстың тиісті бөлімдері мен беттеріне сілтеме
1		

Таңдау рәсіміне қатысуға сұрау салуға № 4 қосымша

«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ
аудиторлық ұйымда таңдау жөніндегі комиссияға
кімнен: _____

(Маманның аты-жөні)

Қызмет көрсету үшін маман ретінде тартуға келісім

Мен, _____ (аты-жөні),
_____ (жеке басын куәландыратын құжаттың №, күні және берген
орган), _____ (ЖСН), _____ мекенжайы бойынша тұратын,
_____ (Қатысушының атауы, БСН) мені 2025-2029 жылдары және
2025, 2026, 2027, 2028, 2029 жылдардың бірінші жартыжылдығында «Тау-Кен
Самұрық» ҰТК» АҚ және оның еншілес ұйымдары «Тау-Кен Алтын» ЖШС,
«Қазгеология» АҚ, «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ, «Алайғыр» БК» ЖШС-ға аудиторлық
қызметтер көрсету үшін _____ маман (қатысушының ресми конкурстық
ұсынысында көрсетілген осы маман мамандығының атауы) ретінде тартуға өзімнің
келісімді беремін.

Маманның қолы